

ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES INSTITUTE

№4/2023

Жылына 4 рет шығады
2001ж.шығабастаған

Выходит 4 раза в год
Начали издаваться с 2001г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2023

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан

Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде

қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 27.12.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 27.12.2023 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraihyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhan L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.12.2023 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БАКИРОВА Ш.А., БАЙМЫШ Л.Қ.	Қазақ тіліндегі тәуелдік жалғауының көнеленуі мен түбірге кірігу мәселесі.....	7
BEKENOVA G.SH. AKHMETOVA G.S.	Lexical and semantic characteristics of place and water names of the Abaydistrict.....	20
ЕРМЕКБАЕВА М.А.,	«Қасқыр» зоониміне байланысты мақал-мәтелдердің семантикасы (қазақ және түрік тілдері негізінде).....	31
ЕСІМСЕЙТОВ Б.Р., КОКИШЕВА Н.М.	«Заң» сөзінің негізінде жасалған сөзжасамдық ұяның көлемдік сипаты	47
KARAGULOVA B.S., MUKHTAROVA S.S.	Types of lexical and grammatical transformations in literary translation.....	62
КЕМЕЛБЕКОВА Е.А.	Linguistic features of borrowed terms of applied geometry and their semantic modification in kazakh language.....	75
КЕНЖАЛИН Қ.К., ДАНИЯР Ә.А.	«Бабырнамадағы» жай сөйлемдер мен төл сөздердің қолданысы.....	88
ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш., ҚҰЛМАНОВ С.	Қазақ терминжасамы: дәстүрлі үдерістер және қазіргі даму бағыты.....	107
ОМАРБЕКОВА Г.Ә.	Мұхтар Әуезовтің эпистолярлық стилінде антропонимдік вокативтердің қолданысы.....	130
УРАЗАЕВА К.Б., ИДРИСОВА Э., АЗКЕНОВА Ж.	Риторический идеал и риторическая идентичность. Приемы создания картины мира в поэзии жырау.....	144
ХАСАНГАЛИЕВА Б.К., ИСАКОВА С.С., ӘЛІМБЕК Г.Р.	Когнитивтік терминтанымның негізгі ұстанымдары.....	162

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АЛЪЖАНОВА А.Ы., БАЛМАГАМБЕТОВА Ж.Т.	Проблемы адаптации казахской художественной прозы (на примере прямого и опосредованного переводов романа А. Нурпеисова «Соңғы парыз»).....	177
КАРБОЗОВ Е.К., МАМЕЖАНОВА Ә.Е.	1960-80 жылдардағы қазақ поэзиясындағы ұлттық дүниетаным және салт-дәстүр.....	190
МАТАЕВА А.К.	Қазіргі қазақ әдеби сынындағы ізденістер.....	207
МАУЛЕТ А., ҚОБЛАҢДИН Қ.И.	Ақмола қазақтары фольклорлық мұрасының эстетикалық мәні.....	220

НУРЛАНОВА А.Н., СЕЙПУТАНОВА А.К., ЖӘМСАП А.Т.	Ш.Құдайбердіұлы поэзиясындағы «ар-ұждан» категориясы.....	238
НҰРБАНОВА А.Қ., БАРАТОВА М.Н.	Жалпы адамзаттық рухани құндылықтар теориясы.....	248
ОЛЖАБАЕВ Б.К., ПАНГЕРЕЕВ А.Ш., СӨЙЛЕМЕЗ О.	Түркі халықтары фольклорында туған жерді кие тұту мотивтері.....	266

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА
И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

BUKAYEVA A.A., BIRAY N.	The effect of implementing case study approach on students learning outcomes in teaching kazakh legal discourse.....	281
YERSULTANOVA G.T., KENZHEKANOVA K.K., TUSSUPBEKOVA M.ZH.	Teaching english grammar using internet resources.....	294

XҒТАР 16.21.41

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.01>

Ш.А. БАКИРОВА¹ 

Л.Қ. БАЙМЫШ² 

Орталық Азия инновациялық университеті, Шымкент, Қазақстан^{1,2}
(e-mail: sholpan.2030@mail.ru¹, laura.baymysh@mail.ru²)

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУЫНЫҢ КӨНЕЛЕНУІ МЕН ТҮБІРГЕ КІРІГУ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа. Іргелі ғылыми зерттеуді күтетін көптеген проблемалар қазақ тіл білімінде де жеткілікті. Қосымшалардың түбірге кірігіп тұтас сөздің құрамында айтылуы – солардың бірі.

Тілдің дамуы барысында бұл құбылыс қосымшалардың түбірмен біріктіру әрекеті негізінде пайда болған. Бұл өзіндік құру жолы, белгілері мен ерекшеліктері бар тілдік заңдылық. Әлбетте, бізге тілдегі сөз түбіріне енетін қолданбаларды анықтау арқылы көптеген түсініксіз сұрақтардың шешімін табуға мүмкіндік туады. Мәселен, жалғаулардың сөзжасамдық қызмет атқаруы, қосымшалардың көнеленуі құбылысы, жақтық мағынаның жойылуы сияқты мәселелер қазірге дейін тыңғылықты шешімін таппай келеді. Ал, тілімізде актив қолданылатын аффикстердің бірі – тәуелдік жалғауларының түбірге кірігу жайын жан-жақты қарастыру – аталған сауалдардың біріне жауап берері сөзсіз.

Түркі тілдеріндегі жалғаулардың негізгі қызметі сөздерді бір-бірімен байланыстырып, түрлі грамматикалық мағына беру екені анық. Бірақ бұл заңдылықтан тыс кейбір жалғаулардың сөзжасамдық та қызметі бар екендігі және оның тілдің сонау көне дәуірлерінде де болғанын түрлі зерттеулерден білеміз. Міне, сондай жалғаулар есебіне көбейіп қалыптасқан, орныққан сөздер табиғатын зерделеуге тәуекел еттік. Қазақ тілінде бұл сөздің бір бөлігі болып табылмайтын, оларды бір-біріне бөлмейтін көптеген сөздер бар. Күрделі және қызықты бұл сөздер қазіргі уақытта корреспондент ғалымдар арасында үлкен қарама-қайшылықта.

Түйін сөздер: тәуелдік жалғауы, түбірге кірігу, көнелену, сөз таптары, зат есім, мағына.

Кіріспе. Тілдік құрылымда жиі қолданылатын қосымшалардың бірі – тәуелдік жалғаулары. Ал тәуелдік жалғауларының қолданыстағы мағынасы әлі де болса бір жүйеге келтірілген жоқ. Күні бүгінге дейін тәуелдік жалғауының тек меншіктілік мағынасы ғана сөз болып келеді. Тәуелдік жалғауының бұдан

басқа да мағыналарды бере алатындығы жайында санаулы еңбектерден кездестіруге болады.

Тіпті тәуелдік деген аттың өзі де жалғауға шартты түрде берілгені жөнінде Н.К. Дмитриев: «Тәуелдік деген термин шартты түрде алынған. Ол бір ғана меншіктілік ұғымын бермейді, сонымен қатар бір зат пен екінші арасындағы түрлі ой қатынасын білдіреді» [1, 100], – деген ой тастайды. Осы тұжырымның өзінен-ақ тәуелдік жалғауы меншіктілік мағынамен қатарөзге де мағыналарды бере алатын күрделі категория екендігін аңғартады.

Тіліміздегі жалғаулардың қызмет аясының кеңеюі туралы: «Көптік жалғаудың грамматикалық қызметіне қарай семантикалық мағынасы да күшті. -лар, -лер жалғаулары зат есімдерге жалғанып, аталатын заттардың көптігін білдіреді. Сондай-ақ көптік жалғаулар көп адамға тән я ортақ бола алатын заттардың (адамның, нәрсенің) атауларына қосылғанда, сол заттың көп (бірнеше) адамға бірдей, ортақ екенін білдіреді»[2, 127], – деген пікір айтады.

Тәуелдік жалғаудың көрсеткіштері мектеп грамматикалары мен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда сол сияқты бұл категория сөз етілетін зерттеулерде барынша тәптіштеліп баяндалса да, оның сыры жан-жақты толық ашылды деуге болмайды.«Тілдің дамуы мен оның қолданысы тілдік динамизм көрінетін екі күштің әрекетіне байланысты болады. Е.С. Кубрякованың айтуынша, біріншіден, сөздің құрылымы өзгеріп, тілдік өзгерістерге алып келетін болса, екіншіден, құрылымы сақталған сөздің мағыналық өзгерісі тілдік түрленуге алып келеді»[7, 214].

Мезгілдік мағынаны білдіруге жақын тұратын кейбір зат есім сөздер (мысалы, күн, түн, жаз, қыс, сапар, өмір т.б.) сөйлемде жоғарыдағы -ы, -і қосымшасын қабылдайды. Мұндай зат есімдерде жұмсалған тәуелдік жалғауының басқа сөздердің құрамында айтылған тәуелдіктерден айырмашылығы бар. Бұл қосымша әдеттегі тәуелдік жалғауы білдіретін меншіктілік-тәуелділік мағынаны білдірмейді. Оның үстіне ілік септік жалғаулы сөзбен де байланысып тұрмайды. Оны мына төмендегі мысалдардан анық байқауға болады. Жаман тату қазады өзіне ор, оған сенсең, бір күні боларсың қор. Бұлақ күні-түні ағып, алыс жерлерге барады. Мұхтар екеуі Ленинградта оқыған жылдары да жұптарын жазбастан, бір пәтерде тұрып, бос уақыттарын бірге өткізетін. Қысы-жазы құс салатын Ораз әр күні қоржынын толтыра құс, қанжығасын толтыра аң әкелмей қоймайды.

Келтірілген мысалдардағы күні, күні-түні, жылдары, қысы-жазы сөздеріндегі -ы, -і қосымшалары қандай категорияның көрсеткіші? Тәуелдік жалғауының 3-жағы ма? Бұл сөздердегі -ы, -і тұлғаларын түбірден ажыратып, талдауға, тұлғалық құрамына қарай бөліп қарауға болады: күн-і, жыл-дар-ы, қыс-ы, жаз-ы. Бұл мәселе қазақ тіл грамматикалары мен оқулықтарында сөз болмайды. Г.А. Абдурахманов өзбек тілінде кездесетін «бесінші күні келді» (бешинчи кунни келди) деген тәрізді ыңғайда келген күн сөзін түрік изафет

конструкциясы құрамында қарастыра отырып, сөздің соңындағы -ы, -і көрсеткішін тәуелдік жалғаудың 3-жағы деуге болмайтынын да айтады. «Мұндай жағдайда, – дейді автор, -ы, -и, -і қосымшасы тәуелдік жалғау категориясының көрсеткіші болуы күмәнді. Сондықтан, мүмкін, оны ерекше грамматикалық категорияға белгілік категориясына (особая грамматическая категория определенности) жатқызуға болар», өйткені автордың көрсетуінше «тәуелдік жалғаудың 3-жақ көрсеткіші мұндай жағдайда нақтылықты, айқындылықты, белгілілікті білдіру үшін қолданылады» [9, 99].

Әдістеме және зерттеу әдістері. Тәуелдік жалғауының мағыналық құрамы туралы арнайы жазылған еңбек болмағанымен, А. Ысқақов, Ғ. Абдуханов, Ә. Төлеуов, Н.К. Дмитриев, Ә.В. Севортян, А.И. Щербак сынды ғалымдардың еңбектерінен осыған қатысты ой үзіктерінкездестіруге болады.

«Бұл жүйелеуді қарай отырып, біз мынаны байқадық: көрсетілген мағыналар тілімізде тәуелдік жалғаулары арқылы берілетіндігі рас. Дегенмен, жүйелеуде көрсетілген тәуелдік жалғауының соңғы төрт мағынасы ортақ бір мағынаны, яғни эмоциялы-экспрессивті мағынаны білдіреді. Осыған сәйкес оларды былайша шашыратқаннан гөрі барлығын бір мағынаға топтастырған дұрыс. Себебі бәрі бір ғана ұғым төңірегінде берілетін мағыналар. Ал ғалым жүйелеуіндегілерді осының өз ішінен таратуға әбден болады»[4, 102], – дейді А. Раманова.

Тәуелдік жалғауының мағыналық құрамы туралы түркітанушылардан алғашқы болып сөз қозғаушы ғалым – Н.К. Дмитриев. Ол өзінің «Тәуелдік категориясы» атты мақаласында тәуелдік жалғауы меншіктіліктен басқа да мағыналарды бере алатындығын, соған сәйкес жалғаудың атауы да шартты екендігін сөз етеді. Осы ойды негізге ала отырып, Ә.В. Севортян тәуелдік жалғауының мағыналық құрамын төмендегіше көрсетеді:

– Меншіктілік қатынас: эвим, өлкем.

– Жақсыз, жалпы тәуелдік қатынасты білдіреді: әдәбиат институту.

Тәуелдік жалғауы мағынасының көмескіленген тұстары:

а) мезгіл үстеулері: бу куни, шу куни, бир куни.

ә) есімдіктер: бұнысы, анысы, бири, бириси, қайсы.

б) сан есімдердің кейбіреулері: биринжиси, икинжиси, үчүнжүсү.

г) басқа да пысықтауыштық және үстеулі қызмет атқаратындар: ән азы, тамамиле, тамамынен, көбиси, чоқусы, алларда[3].

Түркітанушы ғалым А.М. Щербак та тәуелдік жалғауының III жағы көп жағдайда меншіктіліктен өзге ұғымдарды беретіндігін баса айтады [11], ал В.М. Насиловтың пікірі қазақ ғалымдары атап көрсеткен мағыналарға жақын келеді [12]. Ол «тәуелдік жалғауының негізгі мәні солғындайды» деген көзқарасты ұстанады.

Талқылау мен бақылау. Сонымен, ғалымдар атап өткен тәуелдік

жалғауларының меншіктіліктен өзге мағыналары – терең зерттеуді қажет ететін күрделі мәселе.

Қазақ тіліндегі тәуелдік жалғауының түбірге кірігуі, көнеруі әрекетін алғаш байқап, жұмысында атап өткен ғалым – А.Ысқақов. Ғалым бұл туралы бұлайша жазады: «... өзінің әуелгі қызметі мен мағынасынан бірте-бірте алыстай-алыстай келіп, бастапқы жақтың мағынасынан да, оның көрсеткіші (формасы) болу қабілетінен біржолата айрылып, тек солардың қалдық-сілімтігі ретінде ғана сақталып, көнеленген формалар есебінде жүрген кейбір сөздер мен сөз тіркестері де осы қағидаға айғақ бола алады. Мысалы: осы күні, осы жолы, күндіз-түні, т.б. деген сияқты қалыптасқан күрделі сөздерді, сондай-ақ, дара қалпында да және күрделі қалпында да тәуелділіктің үшінші жағында көнеленіп қалған қайсы, қайсысы, бәрі, бәрісі, ең азы, ең көбі сияқты сөздерді алсақ, осылардың қайсысында болса да, тәуелдік жалғаудың бастапқы мағынасынан да, қызметінен де жұрдай болып айырылған, сөздің бөлінбейтіні бөлшегі сияқтанып кеткен үшінші жағының қосымшасын енді көреміз» [5, 54].

Ғалым М. Томанов тәуелдік жалғау тарихын талдай келе, тілде өз мәнінен айрылған тәуелдік жалғаулы сөздер тобы (әуел+і, ертең+і+не, әл+сі+н, кешкі+сі+н, аст+ы+нда, бәр+і, бұны+сы т.б.) кездесетіндігінаытады [6]. Ғалымның пайымдауынша, тәуелдік мағынаның солғындауы олардың басқа сөз таптарына ауысуына себепші болған.

Сөз түбіріне кіріккен тәуелдік жалғауының өздеріне тән негізгі белгілері бар. Олар:

Тәуелдік жалғауы тілде, сөзде грамматикалық мән үстейтін аффикс ретінде саналса, сөз түбіріне кіріккен тәуелдік жалғауы сөзжасамдық қызметін атқарады. Мысалы: Алыс елдердің қонақтары бір сәрі болса, Тобықтының өзінен де ат жалын тартып мінген еркектерден бірде-біреуі қалмағандай Сөйлемдегі қонақтар сөзіне тәуелдік жалғауы арқылы тәуелдік мән үстеліп тұр. Түбір сөздің мағынасына грамматикалық мән үстелген, бірақ түбір сөз сақталған, оған еш өзгеріс енбеген. Ал сөз түбіріне кіріккен тәуелдік жалғаулары өздерінің бастапқы қызметтерінен бүтіндей не жартылай айрылып, негіз сөздің мағынасына әсер ете отырып, жаңа туынды сөздің пайда болуына негіз болады. Мысалы: Қысы-жазы Ұлжандармен бірге көшіп жүретін Жидебай Барақты қыстайтын ауылдар. Бұл сөйлемдегі қысы-жазы қос сөзі тәуелдік жалғауының түбірде көнеленіп, кірігуі арқылы алғашқы мағынасынан айрылып, мезгіл үстеу мағынасын қабылдаған.

1) Тәуелдік жалғауы жеке морфема ретінде түбірден ажыратылса, сөз түбіріне кіріккен тәуелдік жалғаулары арқылы пайда болған сөздер бір бүтін лексикалық бірлік ретінде қолданылады. Мысалы: Сүтір ауылындағы жиын Жігітек кісілері болған соң, бір күн, бір түн кіріске түсіп, ақыры бейсенбі, Жабайларды жасытып, жеңді де, байлау жасады. Абай әуелі қабақ түйіп, бір сәт қатты ашуланып, «тоқта молда!» деп зілмен тыйып тастады. Салмақты,

сабырлы жүзді Балбала әуелі аппақ тістерін тегіс көрсетіп, құпиялай күлді деген сөйлемдегі ақыры, әуелі сөздері тәуелдік жалғауымен бірігіп, бір бүтін лексикалық мағынаны білдіреді. Сондықтан да оларды түбір мен жалғауға бөлшектемей, бір бүтін лексикалық бірлік ретінде танимыз.

2) Сөз түбіріне кіріккен тәуелдік жалғаулары бір сөз табын екінші сөз табына ауыстыру арқылы конверсия құбылысы да қатысады, ал бұл тәуелдік жалғауларынатән қасиет емес. Тілімізде тәуелдік жалғауына кірігуі арқылы қалыптасқан зат есімдерді (жетісі, қырқы), үстеулерді (күні, түні, күндіз-түні, қысы-жазы) есімдіктерді (бәрі, қайсы, қайсысы, несі) т.б. сөз таптарын кездестіреміз.

3) Тәуелдік жалғаулары, негізінен, меншіктілік ұғымын берер болса, сөз түбіріне кіріккен тәуелдік жалғаулары түрліше мағыналарды (мекен, мезгіл, еркелету т.б.) тудырады. Мысалы, Алдынан ойнап шыққан Әбіш, Күлбаданды беттерінен сүйіп, Абай Мағашты көтеріп алды. Бұлардың алдынан ұзын таяғын ұстап, сақалы ақшыл тартқан біреу шықты. Бірақ, артына жалтақтап, «жаңағыны өлтіріп алып, құныкер болып қалам ба?» деген де қауіп ойлап келе жатыр. Артынан қарап, қатып таңырқап тұрып қалған Абайларға әнін әлі тыймай арнап шырқап барады. Мәкішті сәл тоқтатып, астындағы қара терге түскен қосаттарын көрсетіп, Абай үшін келгенін айтқан. Бұл тілмаш күндіз-түні осында келіп-кете беретін. Тыста тұрған Тәкежан мен Абай құшақтасып көрісті де, үйде дауыс айта бастаған Қаражанға, басқа әйелдерге дағды бойынша, «Құлыным, құлыншағым» деп үн салып кірді. – Кенжем! Түн қатып шыққаның ба? Алыстан келген жолаушыдайсың ғой! – деді. Бұл сөйлемдердегі тәуелдік жалғауының түбірге кірігуі арқылы пайда болған алды, арты, асты – мекен мәнді, күндіз-түні – мезгіл мәнді, құлыным, құлыншағым, кенжем – еркелету мәнін білдіріп тұр, оларда меншікті, тәуелдік мағына жоқ.

5) Тәуелдік жалғаулы сөздер сөйлем ішіне көбіне матаса байланыста келсе, сөз түбіріне кіріккен тәуелдік жалғаулары арқылы пайда болған сөздер сөйлемде басқа сөздермен матаса байланысқа түспей, оқшау тұрып та қолданыла береді. Мысалы: Қысқасы, мынау жыртық-тесік үйлердің өзіндей жағалай жүдеген бір өмір. Соны сәт қана ескеру мұң екен, Құнанбай менБөжей, Тәкежан мен Балағаз, Оралбай мен Керімбала – қысқасы, нәсіл қуған ызаны ойлады деген сөйлемдердегі тәуелдік жалғауының кірігуі әрекеті арқылы қалыптасқан қысқасы сөзі адамның түрліше көзқарасын білдіріп, ешбір сөзбен байланыспай, оқшау келген.

6) Тәуелдік жалғаулары белгілі бір жаққа тән болса, сөз түбіріне кіріккен тәуелдік жалғауларында жақтық мағына жойылған. Мысалы: Осында иісі Ырғызбайдың бүтінгі байыған Ақбердісіне, Мырзатайына, Құнекең аулы – өзіңе қысы-жазы малшылық пен құлшылық еткен бір топ әнет, Қарбатыр да бар. Осы сөйлемдегі қысы-жазы сөзіндегі тәуелдік жалғауының жақтық мағынасы көмескіленіп кеткен.

Осы аталған белгілер тәуелдік жалғауының түбірге кірігу, көнеруі әрекетінің тілде бар құбылыс екендігін айқындайды.

Тілімізде тәуелдік жалғауының түбірге кірігу әрекеті екі түрде көрініс тапқан: толықнемесе тұрақты кірігу және жартылай немесе аяқталмаған кірігу құбылыстары. Толық кірігу әрекетінде тәуелдік жалғау түбірге кірігіп, сіңісіп кетеді де, тұтас бір түбір күйінде жұмсалады. Бұл тектес түбір жалғаулар толық кірігу әрекетіне ұшырағандықтан, оларды біртұтас лексикалық мағыналы түбір сөз деп танымыз. Толық кірігу барысында тәуелдік жалғауы бастапқы қызметі мен мағынасынан айрылып, жаңа сөзжасамдық қызметке көшеді. Мысалы: күні-түні қысы-жазы, ақыры, қысқасы, шамасы, тәйірі, себебі, бірі т.б.

Жартылай немесе аяқталмаған кірігу әрекетінде тәуелдік жалғауының бұрынғы қызметінің іздері көрініп тұрады. Толық кірігуден айырмашылығы: бұл тұстағы түбір мен жалғаудың бастапқы мағыналары аз да болса сақталған. Бұл олардың алғашқы белгілерін толық жоймағандығын және тәуелдік жалғауының сөзжасамдық қызметке толық көше қоймағандығын көрсетеді. Бірақ осы жартылай, аяқталмаған кірігу әрекеті – толық кірігудің алғашқы сатысы – яғни кез-келген тұрақты кірігу құбылысының негізінде алғашқы жартылай кірігу әрекеті жатыр. Мысалы: қол-аяғы, бет-аузы, аты-жөні, ата-тегі, т.б.

Тәуелдік жалғаудың түбірге кірігу әрекеті арқылы пайда болған сөздер сөйлем ішінде басқа сөздермен байланыспай да ілік жалғаулы сөздермен байланысып та қолданыла береді. Осыған сәйкес, олар ілік жалғаулы сөзді керек етпейтіндер (әуелі, асылы, қарағым, жаным, қысы-жазы, тәйірі. т.б.) және ілік жалғаулы сөзді керек етпейтіндер (алды, арты, аты-жөні, жетісі, қырқы, қол-аяғы, көбі, т.б.) болып, екі үлкен топқа бөлінеді [10, 11-13].

Тәуелдік жалғауының IIIжақ көрсеткіштері кірігу, көнеру әрекетіне қарай екіге бөлінеді:

- 1) түбірге дара күйде кіріккен тәуелдік жалғаулары;
- 2) түбірге қабаттаса кіріккен тәуелдік жалғаулары.

Бірінші топқа түбірге дара күйінде кіріккен тәуелдік жалғаулы сөздер жатады. Мысалы: Қысқасы, барды білдің. «Былай баспа – былай бас. Олай істеме – бұлай істе дегеніңді бізге өз аузыңнан осы арада өзің айтшы», – деді. Қысқасы, бұл жерден ең төтесін атағанда, көп кітаптан Абай байлаған жол сорабы осы елді. Жігітек, тегі, сайлана алмай қамсыз қалған сияқты. Тегі, әр жиынның ең артқы сөзін айтуды өзіне тәсіл ететін. Оның да керегі жоқ. Әннің шырқы бұзылып кетеді! – деді. Соған көре жаназаны, фидияны, хатімді, өлген адамның үйінен ас ішуді, жетісін, қырқын беруді қазіргі күндерде мұтла басқаша ету керек. – Оның да керегі жоқ. Әннің шырқы бұзылып кетеді! – деді.

Екінші топқа бір түбірге тәуелдік жалғауының IIIжақ көрсеткіштерінің қабаттаса кірігу әрекетінен пайда болған сөздер жатады. Бір түбірге екі тәуелдік жалғауының қосарлана кірігуі тілде бірден бола салмайтын құбылыс. Тілдің

тарихи дамуы барысында түбірге жалғанған алғашқы тәуелдік жалғауы лексикаланып, өз мәнінен айрылады, содан кейін барып, екінші жалғау жалғанады. Келе-келе бұл да көнеленіп, туынды түбірге кіріп кетеді. Сөйтіп, барлығы бір ғана мағынаны білдіретін дербес түбір ретінде қалыптасады. Тілімізде бұл тұлғалы сөздер санаулы ғана (бәрісі, көбісі, қайсысы).

Қайсысы – сұрау есімдігі, түбірі – қай, соңғы екі қосымша тәуелдік жалғауының III жақ көрсеткіштері: қай-сы-сы. Бұл есімдіктің жасалу жолы туралы тілде қарама-қарсы екі пікір бар. Біріншісі – қайсысы сөзіндегі алғашқы -сы тәуелдік жалғауы емес жұрнақ деген пікір (Н.А. Баскаков, А.Ибатов, Қ. Есенов, Б.А. Омарова). Екінші көзқарасты ұстанушы ғалымдар (А.Н.Кононов, В.И.Асланов, Ф. Исханов, К.М. Мұсаев, А.Ысқақов, Ә.Төлеуов, Б.Сағындықұлы) қай – түбір, одан кейін келген екі қосымша да тәуелдік жалғауының көрсеткіштері дегенді айтады. Біз екінші көзқарасты қолдай келе, қай – түбір, алғашқы -сы – көнерген тәуелдік жалғауы, ол тілдің дамуы барысында көнеленіп, сөз түбіріне кірігіп кеткен деп тұжырымдаймыз. Көнеру әрекетінің негізінде алғашқы тәуелдік жалғауы өз қызметі мен мағынасынан айырылған. Сондықтан да тәуелдік жалғауының IIIжақ көрсеткіші екінші қайтара жалғанады. Ал,М.Томанов: «Қайсы есімдігі есім түбірі мен тәуелдік жалғаудың III жағының бірігуімен қалыптасқан», – дейді [5, 219].

Тәуелдік жалғауының қабаттасып келуі арқылы сөз мағынасы одан әрі нақтылана түседі. Мысалы: Сондайда бас ауырып, балтыр сыздаса, дәрмен қайсы, жәрдем көне? Қайсысы көнсе де, Құнанбай баласы еді, елге істейтін тізесі көп, жуан ауыл еді, бермесем, зілі бола ма, кесірі тие ме деген ойды ойлай көрмесін. Келтірген сөйлемдерден сөздерді (қайсы < қайсысы) салыстырсақ, айтылған тұжырымға көз жеткіземіз. «Қайсы» сөзінде нақтылық мән солғындау берілсе, «қайсысы» сөзінде нақтылық мән күшейе түскен.

Тәуелдік жалғаулы сөз осы тұлғасында қолданыла жүріп, құрамындағы тәуелдік жалғаудың көнеріп, түбірге кірігуінің нәтижесінде өзге мағынаға ие болады. Жаңа мағынасына қарай басқа сөз табына ауысады. Осы тәсіл арқылы сөз таптарының қалыптасу әрекетін екі топқа бөлеміз:

1) Сөздің жаңа мағына алуына байланысты басқа сөз табына көшуі: жетісі (сан есім – зат есім), қырқы (сан – зат есім), бірі (сан есім – есімдік), қысы-жазы (зат есім – үстеу), күні-түні (зат есім – үстеу), қысқасы (сын есім – қыстырма), шамасы (зат есім – қыстырма) т.б.

2) Сөз жаңа мағына алса да, сөз табын өзгертпей, өз сөз табының құрамында қалуы: несі (есімдік + есімдік), қайсысы (зат есім + зат есім), қол-аяғы (зат есім + зат есім), беті-қолы (зат есім + зат есім), қол-аяғы (зат есім + зат есім), онысы (есімдік + есімдік), бұнысы (есімдік + есімдік), сонысы (есімдік + есімдік) т.б.

Сонымен, тәуелдік жалғауы көнеру, кірігу әрекетінің негізінде конверсия құбылысына қатысып, тілде түрлі сөз таптарын қалыптастыруда өзіндік роль

атқаратын болып отыр.

Қазақ тіліндегі тәуелдік жалғаудың түбірге кірігу әрекетінен пайда болған сөздердің әрқайсысында болған өзгерістерге тоқталайық.

Фонетикалық өзгеріс. Тәуелдік жалғауы түбірге кірігу әрекеті барысында бастапқы түбірдің буын жігіне өзгеріс енгізеді (көп + і - кө-бі), ашық буынды бітеу буынға немесе керісінше, бітеу буынды ашық буынға өзгеріп отырады (қырық + ы – қыр-қы, себеп + і – себебі).

Тәуелдік жалғауы түбірге кірігу арқылы оның құрамындағы дауысты дыбыстың редукциялануына әсер етеді, яғни дауыссыз дыбысқа аяқталған сөзге тәуелдік жалғауының дауысты дыбыстан басталатын көрсеткіштерінің кірігуі арқылы сөз құрамындағы қысаң дауыстыны редукцияға ұшыратады. Мысалы: аузы-мұрны (ауыз + ы – мұрын + ы), мейлі (мейіл + і) т.б. Тәуелдік жалғауының көрсеткіштері түбірге жалғануы барысында оның құрамындағы қатаң дыбыстың ұядануына әсер ете отырып, сол күйде түбірге кірігіп кетеді. Мысалы: аяғы (аяқ + ы), жарығым (жарық + ым), керегі (керек + і), бегім (бек + ім).

Тіліміздегі жиырмасыншы түріндегі реттік сан есімнің құрамынан көнерген тәуелдік жалғауын байқаймыз. Біздіңше, бұл сан есімнің құрамында тәуелдік жалғауы дыбыстар арасына қойылған қыстырма дыбыс тәрізді. Себебі, жиырманшы дегеннен гөрі, тілге жиырмасыншы түріндегі тұлғасы айтуға жеңілірек тиеді. Сондықтан да тілдегі сөз құрылымының ұлғаю) заңдылығына сай түбір мен қосымшаның арасына дыбыс қажет болғандықтан, басқа тілдік бірліктерге ұқсастыру процесінің, яғни аналогияның негізінде тәуелдік жалғауының III жақ көрсеткішін алған. Тілдің морфонология заңдарының негізінде түбір мен қосымша арасына қыстырма ретінде келіп тұрған тәуелдік жалғауының көрсеткішін түбірге кіріккен деп есептейміз. Себебі, бұл көрсеткіш өзінің бастапқы мағынасын да, қызметін де сақтамаған. Түбір құрамында үнемі осы тұлғасында қолданылуы – өзгермейтін заңдылық және реттік сан есімнің қалыптасуында да белгілі бір деңгейде өзіндік орны бар.

Тәуелдік жалғауының түбірге кірігуі сол сөздің лексикалық мағынасына да әсер етеді. Бұл тәсіл арқылы пайда болған туынды сөздер ішінен бір-біріне қарама-қарсы мәндегі антонимдерді табуға болады. Мысалы: алды-арты, басы-аяғы т.б.

Тәуелдік жалғауының түбірге кірігуі арқылы пайда болған сөздер өз ішінен синонимдік қатар құруға да қабілетті. Олар:

Қалқам, қарағым, қарғам, қарғашым, құлыным, қарашығым, ботам, жаным, жарығым, жарқыным, сәулем, шыбыным, шырағым.

Қасы, жаны, маңы, маңайы.

Соңы, аяғы, ақыры, шеті.

Тегі, зады, тәрізі, асылы.

Нәтижелер. Тәуелдік жалғауының түбірге кірігуі арқылы туынды сөздер жасағандықтан, ол туынды сөздерде сөзжасамдық мағына болады, ал олар

түрлі-түрлі. Сондықтан, олардың сөзжасамдық мағыналарын төмендегіше топтадық:

1. Өзгерген туынды мағына: құлыным, шыбыным, жаным, жетісі, қырқы, жүзі. Келтірілген туынды сөздер негіз сөздерге тәуелдік жалғауының кірігуі арқылы жаңа өзгерген туынды мағыналарды иемденген.

2. Түрленген туынды мағына: себебі, керегі, көбі, қол-аяғы. Берілген сөздердің бастапқы мағыналары туынды сөздерде толық сақталған, бірақ оларға туынды мағынада түрлі мән үстелген.

3. Көшірілген туынды мағына: қысы-жазы, жазы-қысы, жазы-күзі, күндіз-түні, күні-түні. Бұл топтағылар негіз сөздің мағынасын басқа сөз табына көшіру арқылы туынды мағынаны иемденеді.

Қорытынды. Лексикалық және грамматикалық мағыналарының өзгеруі жаңа мағынаны иеленуге әкеледі, бұл туынды сөздің синтаксистік қызметіне де өз әсерін тигізеді. Тәуелдік жалғауы сөз әдетте сөйлем ішінде бастауыш қызметін атқаратын болса, түбірге кіріккен тәуелдік жалғауы арқылы қалыптасқан сөздер сөйлемде тұрлаусыз мүшенің қызметін атқарады. Мысалы: Маралдың тауында қысы-жазы түлкі сияқты аңдар көп болғандықтан, Ырғайлымның елінде құс салып, аңшылық құратын салт болушы еді (М.Әуезов) деген сөйлемдегі қысы-жазы сөзі сөйлем ішінде «қашан?» сұрауына жауап беріп, мезгіл пысықтауыш қызметінде тұрғаны анық.

Қосымшалардың қызметінің өзгеруі тек тілдік құрлымды зертеуде ғана емес оқыту үдерісінде де баса назар аударуды қажет етеді. Бұл туралы зерттеушілер «Қазіргі заманда технологияның қолдауымен оқушы белсенді, ал мұғалім тек білім беру қызметінде белсенді болатын әдістер мен қосымшаларға емес, нұсқаушы болып табылатын қосымшаларға артықшылық беріледі» [8, 219], – деген тұжырым жасайды. Тәуелдік жалғауының негізгі синтаксистік қызметі матаса байланысқан сөз тіркестерін құру, сөздерді бір-бірімен байланыстыру болса, толық кірігу әрекетінің нәтижесінде тәуелдік жалғауы бұл қабілетінен айрылады. Мысалы: «Ақыры сонау кілкілдеген көкжиектен қылт-қылт етіп шалынған қарайғанды көреді» деген сөйлемдегі ақыры сөзі өзінің байланысты сөзімен араға сөз салып, қатыса байланысқан.

Әдебиеттер

1. Дмитриев Н.К. Грамматика кумыкского языка. – М.: Л.: Изд-во Акад. наук СССР, 1940. – 206 с.

2. Мейрамбекова Л.К., Жиёмбай Б.С., Даутова Г.Р. Зат есімнің сан-мөлшер (көптік) категориясының армян-қыпшақ жазба ескерткіштер тіліндегі тарихи даму жолы // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – Б. 185. – №2022. – Б.127-135.

3. Севортян Э.И. Аффиксы именного словообразование в азербайджанском языке. – М.: Наука, 1966. – 436 с.

4. Раманова А.А. Тәуелдік жалғауының мағыналық құрамы // Қазақ тілі мен әдебиеті журналы. – 2003. – №3. – Б. 98-103.
5. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
6. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 263 б.
7. Жумаханова А.Ж. Семантикалық қайта мән беру үдерістерінің топтастырылуы. Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. –Нұр-Сұлтан, 2020. –№2. –Б.214-221.
8. Begaliyeva R., Baigutova D., Aitenova D., Tlenchiyeva N., Zhadyra D., Mussabekov A., Increasing the cognitive activity of students through the use of modular learning technologies // World Journal on Educational Technology: Current Issues. –14(6). – P. 1845-1856. URL: <https://doi.org/10.18844/wjet.v14i6.8358>
9. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы. – Алматы, Жазушы, 1983. – 145 б.
10. Раманова А.А. Қазіргі қазақ тіліндегі сөз түбіріне кіріккен тәуелсіздік жалғаулары // Ана тілі газеті, 2004, № 56.
11. Щербак А.М. Очерк по сравнительной морфологии тюркских языков. – Ленинград: Писатель, 1987. – 210 с.
12. Насилов В. М. Язык тюркских памятников уйгурского письма XI-XV вв. – М.: Наука (ГРВЛ), 1974. – 101 с.

Ш.А. БАКИРОВА, Л.К. БАЙМЫШ

Центрально-Азиатский инновационный университет, Шымкент, Казахстан

ПРОБЛЕМА АРХАИЧНОСТИ И СЛИЯНИЯ ПРИТЯЖАТЕЛЬНЫХ ОКОНЧАНИЙ С КОРНЕМ СЛОВА В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация. Проблемы, ожидающие фундаментального научного исследования, можно часто встретить в казахском языкознании. Одна из них – произношение в составе целого слова, входящего в корень приложения.

Это явление, возникающее в ходе развития языка, было основано на попытке приложения слиться с корнем. Это языковая закономерность, имеющая свой путь создания, признаки и особенности. Очевидно, что у нас есть возможность найти решения многих запутанных вопросов, определяя приложения, которые попадают в корень слова в языке. Например, такие вопросы, как словообразовательная функция окончаний, явление примыкания придаточных, исчезновение придаточного значения, до сих пор не нашли исчерпывающего решения. Всестороннее рассмотрение вопроса об интеграции зависимых союзов в корень, несомненно, ответит на один из перечисленных вопросов.

Очевидно, что основной функцией союзов в тюркских языках является связывание слов друг с другом и придание им различных грамматических значений. Из различных исследований мы знаем, что некоторые союзы, выходящие за рамки этой закономерности, имеют словообразовательную функцию и существуют еще с ранних этапов развития языка. На сегодняшний день мы склоняемся к возможности изучить природу сложившихся, устоявшихся слов.

Ключевые слова: притяжательное окончание, слияние с корнем, архаичность, части речи, существительное, значение.

SH.A. BAKIROVA, L.K. BAYMYSH

Central Asian Innovation University, Shymkent, Kazakhstan

THE PROBLEM OF ARCHAISM AND THE MERGING OF POSSESSIVE ENDINGS WITH THE ROOT OF THE WORD IN THE KAZAKH LANGUAGE

Annotation. Many problems awaiting fundamental scientific research are enough in Kazakh linguistics. One of them is pronunciation as part of a whole word included in the root of the application.

This phenomenon, which occurs during the development of the language, was based on the application's attempt to merge with the root. This is a linguistic pattern that has its own way of creation, signs and features. Obviously, we have the opportunity to find solutions to many confusing issues by identifying applications that fall into the root of a word in the language. For example, such issues as the word-formation function of endings, the phenomenon of habituation of adjuncts, the disappearance of the subordinate meaning, have not yet found an exhaustive solution. And one of the affixes used by the asset in our language – a comprehensive consideration of the integration of dependent unions into the root - will undoubtedly answer one of these questions.

Obviously, the main function of conjunctions in the Turkic languages is to link words with each other and give them different grammatical meanings. But we know from various studies that some conjunctions that go beyond this pattern have both a word-formation function and the fact that they existed in the ancient times of the language. And at the expense of such unions, we risk studying the nature of the established, established words. There are many words in the Kazakh language that are not part of this word, do not divide them into each other. Complex and interesting words are currently in great contradiction between corresponding scientists.

Keywords: possessive ending, merging with the root, archaism, parts of speech, noun, meaning.

References.

1. Dmitriev N.K. Grammatika kumykskogo yazyka. –M.; L.: Izd-vo Akad. nauk SSSR, 1940. – 206 s.
2. Meirambekova L.K., Jiembai B.S., Dautova G.R. Zat esimniñ san-mölşer(köptik) kategoriasynyñ armän-qypşaq jazba eskertkişter tilindegi tarihi damujoly // QazĪU Habarşysy. Filologia seriasy. –V. 185. –№1. –2022. –B. 127-135.
3. Sevortyan E.I. Affiksy imennogo slovoovrazovanie v azerbajdzhanskom yazyke. – M.: Nauka, 1966. – 436 s.
4. Ramanova A.A. Täueldık jalğauynyñ mağynalyq qūramy // Qazaq tılı men ädebieti jurnaly. – 2003. – №3. – B. 98-103.
5. Ysqaqov A. Qazırgı qazaq tılı. – Almaty: Ana tılı, 1991. – 384 b
6. Tomanov M. Qazaq tiliniñ tarihi gramatikasy. –Almaty: Mektep, 1988. – 263 b.
7. Jumahanova A.J. Semantikalyq qaita män beru üderisteriniñ toptastyrylyu // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy. –Nūr-Sūltan 2020. –№2. – B. 214-221.
8. Begaliyeva R., Baigutova D., Aitenova D., Tlenchiyeva N., Zhadyra D., Mussabekov A., Increasing the cognitive activity of students through the use of modular learning technologies // World Journal on Educational Technology: Current Issues. –14(6). – P. 1845-1856. URL: <https://doi.org/10.18844/wjet.v14i6.8358>
9. İsaev S. Qazaq ädebi tiliniñ sovet дәuirinde damuy. – Almaty, 1983. – 145 b.
10. Ramanova A.A. Qazırgı qazaq tilindegi söz tübirine kırıkken täuelsızdıq jalğaulary // KDA. Almaty, 2004. – 35 b.
11. Scherbak A.M. Oчерк по сравнител'noj morfologii tyurkskih yazykov. – Leningrad, 1987. – 210 s.
12. Nasilov V.M. Yazyk tyurkskih pamyatnikov ujugurskogo pis'ma XI-XV vv. – M.: Nauka (GRVL), 1974. – 101 s.

Авторлар туралы мәлімет:

Бакирова Шолпан Абдикеримовна – филология ғылымдарының кандидаты, Орталық Азия инновациялық университетінің аға оқытушысы, Шымкент, Қазақстан.

Бакирова Шолпан Абдикеримовна – кандидат филологических наук, старший преподаватель Центрально-Азиатского инновационного университета, Шымкент, Казахстан.

Bakirova Sholpan Abdikerimova – Candidate of Philological Sciences, Senior lecturer at the Central Asian Innovative University, Shymkent, Kazakhstan.

Баймыш Лаура Құрманалықызы – филология ғылымдарының кандидаты, Орталық Азия инновациялық университетінің аға оқытушысы, Шымкент, Қазақстан.

Баймыш Лаура Курманалиқызы – кандидат филологических наук, старший преподаватель Центрально-Азиатского инновационного университета, Шымкент, Казахстан.

Baymysh Laura Kurmanalikyzy – Candidate of Philological Sciences, Senior lecturer at the Central Asian Innovative University, Shymkent, Kazakhstan.